




ДЫБЫСТЫҚ КАРТА ЖӘНЕ АКУСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ

СЕРИКБАЕВ ДАСТАН

ДЫБЫСТЫҚ КАРТА



- Кез келген қазіргі заманғы компьютер дыбыс ойнату құрылғысымен жабдықталған, оған дыбыстық бейімдеуіш, қондырылған кеңейтілу картасы түріндегі дыбыстық карта немесе сыртқы дыбыстық кешен жатады. Дыбысты ойнату үшін қажет жалғыз нәрсе – акустикалық жүйе. Бұдан кейін компьютерді мультимедиалы қамтылған және дыбыспен әрі қарай жұмыс жасауға дайын деп есептеуге болады.
- Дыбыстық карта – құрамына дыбыстық процессор және басқа да көмекші құраушылар кіретін құрылғы, олардың көмегімен қажет деңгейде дыбыстық сигнал құрылады



- Дыбыстық карталардың түрі көп. Көбінесе олар жүйелік тақшаға, не болмаса кеңейтілу тақша түрінде PCI-слотқа қондырылады. Сонымен қатар, кәсіби жоғары сапалы дыбыстық құрылғылардан тұратын сыртқы шешімдер жиі кездеседі.



- Жинақталған дыбыстық бейімдеуіштердің сапасының өсуіне байланысты, PCI slotқа орнатылатын дыбыстық тақшалар азайып барады. Дегенмен, PCI slotқа орнатылатын дыбыстық тақшасы, жинақталған дыбыстық бейімдеуіштерден сапалы болып келеді.

- Солай болғанның өзінде де барлық дыбыстық карталарда акустикалық жүйе немесе ішкі күшейткіш қосылатын шығу мен түйіспелердің стандартты жинағы бар. Бірақ бұл түйіспелермен іс шектеліп қалмайды. Жақсы дыбыстық картаның үш стандартты – микрофондық, акустикалық және сызықтықпен қатар басқа да ағытпалары болуы мүмкін. Жекелеп айтсақ, егер дыбыстық карта 5.1 және одан да жоғары қызметтік функциясы қолдаса, оның жекелеген шығулары (сол және оң акустикалық каналдарға арналған), жаппай және сырт жақ колонкаларға арналған шығулары болуы мүмкін. Бірақ, қалай болғанда да, егер сізде қарапайым динамиктер мен құлаққаптарыңыз болса, дыбысты есту үшін оларды акустикалық шығуға қосу жеткілікті.

АКУСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ



- Акустикалық жүйе – дыбыстық картамен құрылған ойнату құрылғысы. Тәжірибеде, бұл әдетте түрлі форматты дыбыстық колонкалар немесе акустикалық құлаққаптар.
- Дыбыс сапасы акустикалық жүйе сапасына байланысты. Егер сізде қымбат кәсіби дыбыстық карта болып, бірақ колонкаларыңыз қарапайым болса, сіз оның барлық жұмысын жоққа шығарасыз. Сондықтан, егер қарапайым колонкаларды қолдану керек болса, онда кең диапазонда

- Жоғары сапалы дыбыс ойнату үшін, дыбыстың толық гаммасын сезіну үшін минимум 3.1 (2 колонка және сабвуфер) стандартты колонкаларды қолданған жөн. Идеалды түрі – 5.1 жүйесін: 1 сабвуфер, 2 сырт жақтық және 2 жаппай колонкалар.

